



Әлем халқының таралып орналасуы



Халықтың қоныстануының географиялық ерекшелігі Қазақстан халқының саны аумағының, үлкендігіне сай келмейді. Халықты біркелкі қоныстандыру және үлкен аймақты игеру мүмкін емес. **Сонымен бірге халықтың қоныстануына табиғат жағдайы қолайлы жерлердің тек 1 / 3 бөлігі ғана жарайды.** Сондықтан да мемлекетті модернизациялау бағдарламасында негізгі рөлді халықты аумақтық ұымдастыруға баса назар аударады. Оның дұрыс орындалуы халықтың еңбек әлуетін тиімді пайдалануға мүмкіншілік береді. Халықты аумақтық ұымдастыруға орналасу және қоныстану жатады.



Ауылдық халықтың орналасуы. Ауыл халқының негізгі

тыныс-тіршілігі егін егу және мал бағу. Сондықтан да олар осы ресурстарға тәуелді орналасқан. Ауылдар егін аймақтарынан және жайылымнан алшақтамау үшін кішігірім мекендер болып келеді. Олардың үлкендігі және тығыздығы орналасқан жерінің өнімділігіне де байланысты. Ауылдардың басым кепшілігі — ауыл шаруашылығына негізделген. Бірақ көптеген ауылдарда өндіріс орындары - сүт, қант, балық, ет және кекеніс консервілеу зауыттары бар. Сонымен бірге *кейбір ауылдар - темір жол стансасы, курорт, орман шаруашылығы, қорықтар маңында да пайда болған.*



Ауылдық елді мекендер кебінесе табиғи жағдайларға байланысты, әсіресе аймақ ерекшелігіне қарай орналасқан.

Орманды дала және дала зоналарында - жер жырту және шабындыққа негізделген ауылдар. Кебінесе өзен-көл жағалауларында, оңтүстіктің тау етегіндегі ауылдар — **суармалы егіншілікке бейімделген**. Әсіресе өзен, каналдар бойында көп шоғырланған. Шөл және шөлейт аймақтарда ұсақ ауылды мекендер мал жайылымына негізделген.

Ірі ауылдар - өзен жағалауында, ұсақ ауылдар - қыстақтарда орналасады.



Қазақстан ауылдары - күрделі әлеуметтік проблемаларды шешуде. Қалаға қарағанда жұмыссыз және кедей адамдар саны жоғары. Себебі көптеген ауылдардың инфрақұрылымының жоқтығы - сапасыз жол, ірі қалалардан шалғайда орналасуы, кішігірім мекемелердің жабылуы, сапалы судық жетіспеуі, т.б.



Қазіргі кезде мемлекетіміз ауылды дамыту үшін қыруар қаржы бөлуде. Нәтижесінде Қазақстан ауылдарының сырт келбетінің жақсаруына әсерін тигізуде (барлық жерде бірдей емес). **Негізгі ауыл саясаты бірінші — болашағы бар ауылдарды жаңғырту, екінші - болашағы жоқ ауылдың тұрғындарын қолайлы ауыл немесе қалаға көшіру.**

